

ӘОЖ 371.39 ҒТАМР 14.29.41

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ибраева К.И.<sup>1</sup>, Кабденова А.К.<sup>1</sup>, Жуанышпаева С.Ж.<sup>1</sup>, Дарбаева М.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>М.Қозыбаев ат.СҚУ, Петропавл қ.

<sup>2</sup> «Алтын бесік» балабақшасы, Петропавл қ.

### Аннотация

Мектеп жасына дейінгі ересек топ балалары табиғат туралы білімді игеруде үлкен жетістіктерге жетеді. Эксперименттік жұмыс баланың зерттеуге деген қызығушылығын оятады, ақыл-ой операцияларын дамытады. Мектеп жасына дейінгі ересек топ балалары зерттеушілікке өте бейім болып келеді және әр түрлі зерттеу жұмыстарына, атап айтқанда, экспериментке қызығушылық танытады. Мектепке дейінгі балалар есейген сайын ойлаудың өнімді формаларын дамыта отырып, жаңа білімдерді ашуға бағытталған іздестіру-зерттеу қызметінің мүмкіндіктері айтарлықтай арта түседі.

Ұсынылған мақалада мектепке дейінгі ересек топ балаларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізгі жағдайлары белгіленіп, анықталады. Сондай-ақ мектепке дейінгі ересек топ балаларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізгі жағдайларын құру және жүзеге асыру бойынша жұмыс тәжірибесінің мазмұны көрсетіледі.

Балабақшада танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі, мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу мәселелері сипатталған.

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысты ұйымдастырған кезде балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне ескеру қажеттілігі туралы тұжырым жасалады.

**Түйін сөздер:** экологиялық тәрбие, зерттеушілік әрекет, заттық-дамытушы орта.

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ УМЕНИЙ СТАРШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ПРОВЕДЕНИЯ ОПЫТОВ

Ибраева К.И.<sup>1</sup>, Кабденова А.К.<sup>1</sup>, Жуанышпаева С.Ж.<sup>1</sup>, Дарбаева М.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> СКУ им.М.Козыбаева, г.Петропавловск, Казахстан

<sup>2</sup> Детский сад «Алтын бесік», г.Петропавловск

### Аннотация

В старшем дошкольном возрасте дети достигают больших успехов в освоении знаний о природе. Экспериментальная работа вызывает у ребенка интерес к исследованию, развивает мыслительные операции. Дети старшего дошкольного возраста сами по себе уже является исследователем, проявляя живой интерес различного рода исследовательской деятельности, в частности – к экспериментированию. К старшему дошкольному возрасту заметно возрастают возможности поисково-исследовательской деятельности, направленной на «открытие» нового, развивающая продуктивные формы мышления.

В данной статье раскрыты основные условия формирования экологической культуры у старших дошкольников. Представлен опыт работы по созданию и реализации основных условий формирования экологической культуры старших

дошкольников. Показана работа по созданию и внедрению в работу разнообразной предметно-развивающей среды.

Описывается особенности организации познавательной деятельности в детском саду, проблемы экологического образования детей дошкольного возраста.

В статье делается вывод, что при организации работы с детьми дошкольного возраста необходимо ориентироваться на дифференцированные, индивидуальные возрастные особенности детей.

**Ключевык слова:** экологическое воспитание, исследовательская деятельность, предметно-развивающая среда.

## FEATURES DEVELOPMENT OF THE RESEARCH SKILLS OF SENIOR PRESCHOOLERS THROUGH EXPERIENCES

Ibraeva K. I.<sup>1</sup>, Kabdenova A. K.<sup>1</sup>, Zhuanyshpaeva S.<sup>1</sup>, Darbaeva M.T.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>NKU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan

<sup>2</sup> «Altyn besik», Petropavlovsk,

### Annotation

In older preschool age, children achieve great success in mastering knowledge about nature. Experimental work arouses the child's interest in research, develops mental operations. Children of older preschool age are already a researcher in themselves, showing a keen interest in various kinds of research activities, in particular, in experimentation. By the older preschool age, the possibilities of search and research activities aimed at "discovering" something new, developing productive forms of thinking, noticeably increase.

This article highlights and discloses the main conditions for the formation of ecological culture in older preschoolers.

The article reveals the experience of working on the creation and implementation of the basic conditions for the formation of ecological culture in senior preschoolers. The work on the creation and implementation of a diverse subject-development environment is shown.

The experience of work on the organization of cognitive activity in kindergarten, the problem of environmental education of preschool children is described.

The article concludes that when organizing work with preschool children, it is necessary to focus on differentiated, individual age characteristics of children.

**Keywords:** ecological education, research activity, subject-developing environment.

### Кіріспе

Бүгінгі таңда экологиялық білім адамның үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ететін қоршаған ортаны сақтауға және дамытуға түрткі болатын сананы дамытуға бағытталған. Сонымен қатар экологиялық дүниетаным адам өмірінің барлық салаларында іргелі сипатқа ие болып, адамзат өмірінің барлық кезеңдеріндегі қоршаған орта туралы түсініктердің саналы және жоспарлы дамуы болып табылады. Әрине, экологиялық дүниетаным түсініктерінің негіздері мектепке дейінгі балалық шақта қаланатыны белгілі. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына бастапқы экологиялық дүниетанымды сіңіру балаларды табиғатпен таныстыру және экологияның іргелі идеялары мен тұжырымдамаларына негізделеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру әдістемесін құруда қандай ұғымдар маңызды? Тұжырымдамалар мен экологиялық құбылыстарды түсіндіруді іріктеудің негізгі белгілері визуалды бейнелеу және практикалық

қызметке қосу мүмкіндігі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес табиғат туралы түсініктерді игеруге ықпал ететін көрнекі-әркеттік және көрнекі-бейнелі ойлау түрлері басым болады [1].

### Негізгі

Мектепке дейінгі бала табиғаттағы себеп-салдар тәуелділігін анықтау және түсінуде қандай ақыл-ой әрекеттерін игеру қажет деген сұрақ төңірегінде ойланатын болсақ, салыстыру, талдау, жинақтай білу жеткіліксіз болып келеді. Тәжірибе барысында балалардың бір затты түрлі көзқарас тұрғысынан қарастыруы, түрлі заттарды бір қырынан көре алуы, оларды біріктіруі, сол тәуелділіктің бағыныштылығында объектілердің мәнін таба білуіне назар аудару маңызды.

Ресей білім беру академиясының профессоры Н.Н.Поддяков болжам жасауды тұжырымдап, балалық шақта іс-әрекеттің жетекші қызметі ойын емес, тәжірибе жасау болып табылатынын пайымдап, келесі дәлелдемелерді ұсынды:

1. Ойын ойнауға үйрету қажет, бала тәжірибе жасау барысында қоршаған заттар мен құбылыстар толық танып, түсіну мақсатында түрлі тәсілдер арқылы өзідігінен әрекет жасайды.

2. Тәжірибе жасау барысында өзін-өзі дамыту сәті айқын байқалады: зерттелетін объект туралы түсінік, білім жинақталған сайын, бала жаңа, одан да күрделі мақсаттар қоюға мүмкіндік алады.

3. Тәжірибелер жасау балалар өмірінің барлық салаларына, соның ішінде ойынға ықпал етеді [2].

С.Н. Николаева мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде экологиялық мәдениеттің қалыптасуы келесі жағдайларда мүмкін болатынын белгілеп көрсетеді:

– балалар экологиялық тәрбие берудегі мақсатты, жүйелі педагогикалық процеске белсене қосылу;

– балалардың экологиялық білімді игеруге деген ынтасын, экологиялық түсініктерді, білімдерді игеруді қамтамасыз ететін нәмоционалды реакциясын тудыратын және экологиялық білімнің игерілуін қамтамасыз ететін, табиғат объектілерімен саналы түрде өзара әрекет жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастыратын мектепке дейінгі кезеңге сәйкес (практикалық, танымдық және шығармашылық) іс-әрекет түрлерінде құрылған экологиялық білім берудің әдістері мен технологияларының жүйесін тиімді қолдану;

– мектепке дейінгі балалардың табиғат объектілерімен мазмұнды өзара әрекетін ұйымдастыруға ықпал ететін экологиялық-дамытушы орта құру [3].

Қазіргі таңда облысымыздың орталығындағы «Алтын бесік» балабақшасы экологиялық білім беру мәселесі бойынша оңтайлы жұмыстарды жүзеге асыруда. Экологиялық білім беруде балабақша ұжымы келесі басым бағыттарға назар аударады:

- балалардың өмірі мен білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасау;

- қолайлы атмосфераны құру және балалармен жұмыс жасауда тұлғаға бағытталған педагогиканы енгізу;

- әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жасауда экологиялық білім беру әдістері мен нақты технологияларды меңгеру;

- ата-аналармен жұмыстың жаңа түрлерін дамыту, оларға экологиялық білім беру;

- әр түрлі ұйымдармен сабақтастықты жүзеге асыру.

Сондай-ақ «Алтын бесік» балабақшасында білім беру кеңістігі сандық ортаның дамуына байланысты қарқынды түрде дамуда: балабақша ұжымы «Сандық технологиялар арқылы мектепке дейінгі ұйымның экожүйесін жобалау»

тақырыбында жобаны жүзеге асыруда. Жоба бойынша жұмыс үш бағытта жүзеге асырылды:

- «Ақылды фермерлік» тәсілдерді енгізу арқылы балабақшаның экожүйесін жобалау;

- «Шағын өсімдік алаңы» - мектепке дейінгі ересек топ балаларының бойында экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастырудың интерактивті құралы»;

- ересек топ балаларының сындарлы және өнімді қызметіне қайта өңдеу әдістерін енгізу.

Балабақша ұжымы және тәрбиеленушілер «ақылды фермер» ұғымын күнделікті берік және сенімді ұстаным ретінде ұстанып, егіншіліктің негіздерін үйренеді. Балабақшада ұйымдастырылған жасанды аквапоника экожүйесінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалар жасыл желектер мен гүлдер өсіреді. Аквапоника экологиялық таза: балықтар өсімдіктерді қоректендіреді, ал өсімдіктер суды тазартады. Балалар тәжірибелік әрекеттерді жасау арқылы аквапоникада бөлме өсімдіктерін өсірудің артықшылықтары неде екенін жақсы түсінеді.

Әр кезеңде балалар жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отырып, өсімдіктерді отырғызып баптап күтудің әртүрлі түрлерімен танысады.

Сондай-ақ тәжірибе жағдайының нәтижелерін бақылау келесі сызба арқылы жүзеге асырылады: объектінің күйін анықтау, сыртқы көрсеткіштердің өзгеруі, өзгеріске себеп болған жағдайлар, себептерін анықтау, әртүрлі объектілерді салыстыру.

Балабақша тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметтері барысында тәжірибе жұмыстарын өткізуде келесі жүйелі, мазмұнды әрекеттерге аса назар аударады:

– іс-әрекетті балаларды тәжірибе жасауға жетелейтін мәселелелік жағдаяттан бастау. Балаларға сұрақтарға дайын жауаптардың берілмеуі, балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, белсенді ізденіс әрекетін ынталандырады;

– мәселелерді шешу жолын іздестіру;

– бақылауды ұйымдастыру және өткізу;

– алынған нәтижелерді талқылау;

– қорытынды жасау.

Ересек топ балалармен экологиялық бағытта шығармашылық жобалар, басқа да іс-шаралар өткізу алдында жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігін байқау үшін экологиялық мәдениеттің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған арнайы тапсырмалар жүргізудің өзіндік ерекшеліктерін де атап өтуге болады:

- табиғат туралы білімді қалыптастыру деңгейін анықтауға бағытталған ойын-жаттығулар;

- табиғат объектілерін күту біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған тапсырмалар;

- табиғат әлемімен қарым-қатынас сипатын анықтауға бағытталған тапсырмалар.

Ересек топ балаларының зерттеушілік қабілетін дамытуда келесі принциптерді басшылыққа алынады:

- балалардың жас ерекшеліктері мен тәжірибесін ескеру

- зерттеушілік біліктерінің қалыптасу кезеңдерін ескеру (зерттеушілік біліктердің қалыптасу кезеңіне басты назар таударылады, қалыптасқан зерттеушілік біліктерге қолдау көрсетіліп, шығармашылық қолдану деңгейіне дейін дамытылады);

- диалогтік принцип (тәрбиеші міндетті түрде тәжірибе жұмыстарынан кейін балалармен зерттеушілік әрекеттер бойынша әңгімелесіп, талқылайды, әрқайсысына өз ойын білдіруге мүмкіндік береді).

Қолданылатын әдістер және оның негізгі кезеңдері

Тәжірибелік бөлімде келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- өсімдіктерді эксперименттің белгілі бір критерийлері бойынша таңдау;
- өсімдіктерді өсіруге арналған жабдықтарды әртүрлі әдістермен жобалау;
- өсімдіктерді әр түрлі әдістермен өсіру тәжірибесі: 1) аэропоника әдісі; 2) гидропоника әдісі; 3) топырақ (дәстүрлі) әдіс - бақылау тобы.

- өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау;
- топтағы әр өсімдік үлгісі үшін тәуліктік өсімді өлшеу, өсіру әдісі үшін мәндерді салыстыру;

- алынған мәліметтерді өңдеу және зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар жасау.

Зерттеу қызметінің негізгі үш кезеңі:

1. Экспериментке дайындық.
2. Өсімдіктерді отырғызу, күту және бақылау, өсу (даму) көрсеткішін бекіту.
3. Нәтижелерді, тұжырымдарды өңдеу, болжамдарды растау немесе жоққа шығару.

Жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілер келесідей түсініктерді игереді:

Өсімдіктер суды қажет етеді. Әр тұқымның қоректік заттар қоры бар.

Өсімдіктерге ауа қажет. Барлық тіршілік иелері сияқты тұқым да оттегімен тыныс алады.

Өсімдіктер жылуды қажет етеді. Жылы жағдайда барлық процестер тезірек жүреді.

Өсімдіктерге жарық қажет. Күн сәулесінің әсерінен қоректік заттар өсімдік жапырағында түзіледі.

Өсімдік топырақтан қоректік заттар алады. Өсімдіктің тамыры топырақтан су мен минералды заттарды алады. Егер топырақ нашар болса, онда өсімдік нашар дамып, жеміс береді. Сондықтан адамдар мол өнім алу үшін топыраққа тыңайтқыштар енгізеді.

### **Қорытынды**

Мектепке дейінгі балаларға экологиялық білімді игерту бағытындағы міндеттерді табысты жүзеге асыруда өзара әрекеттесе отыра жұмыс өте маңызды. Белсенді әрекет алынған білімді түсінуге, олардың талдауын жүзеге асыруға, қоршаған орта туралы нақтыланатын және түзетілетін ақпаратқа сәйкес әрекеттер жасауға мүмкіндік береді. Балаға оның қызығушылықтары және мүмкіндіктеріне сәйкес әрекеттерді таңдау еркіндігі ұсынылады. Тәрбиеші мен баланың бірлескен әрекеті оңтайлы, үйлесімді негізде құрылады.

### **Әдебиет:**

1. Сахарова В.Н. Экологическое воспитание дошкольников. Москва, 1998, 130с.
2. Поддьяков А.Н. Исследовательское поведение: стратегии познания, помощь, противодействие, конфликт. М., 2000. - 266 с.
3. Николаева С. Н. Юный эколог: программа и условия ее реализации в детском саду. - М.: Мозаика-Синтез, 2006.